

**№1 М.Әуезов жалпы орта мектебінің көп балалы ата-аналарымен жүргізілген
тренинг сабағының**

Өткізілген уақыты: 24.09.2021ж

Көрнекілігі: Қызыл түсті тоқыма жіп, май шам (Свеча), тесттің бланкасы, тапсырма сұрақтары қағазда жазылған, үлестірме А-4 қағаздар;

Тренинг ережесі:

1. Сөзді бөлмеу
2. Бір-біріне кедергі жасамау
3. Бірігіп жұмыс жасау
4. Күлімсіреу

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- Ата-аналармен амандасу. Жылы жүзбен қарсы алу.

2. Барысы:

Психолог: Қайырлы күн құрметті ата – аналар!

«Ата-ана – бәйтерек, бала-жапырақ» деген қазақта дана сөз бар.

Бәйтерек өз тамырынан қоректі заттар алып, оны жапырақтарына береді. Жақсы ата – анада бәйтерек сияқты. Отбасында бала не көріп, не істесе, соны бойына сіңіреді. Бала тәрбиесінің ең үлкен мектебі - өз отбасы демекші, қазір Сіздермен «Өрмекшінің торы» деген танысу жаттығуын жүргізейік

3. «Танысу» жаттығуы. «Өрмекші торы».

Мақсаты: Ата-аналардың қарым-қатынасын нығайту.

Психолог: Бүгін мен сіздермен бала тәрбиесі жөнінде тәжірибе алмасуға келдім. Себебі, әр отбасының өзінің ережесі, белгілі бір қағидасы болады сол жөнінде сіздерге айттарым, ойын арқылы бөлісе отырайық.

Алдымен маған көңіл-күйлеріңіз қандай, айтыңыздаршы?

Көңіл-күйіміз жақсы болса, онда кеттік бәріміз ортаға шеңбер құрып бала тәрбиесі жайлы бөлісе отырайық. (Ата-аналармен шеңберге тұрады)

Менің қолымда тоқыма жіп, осы жіптің бір ұшын саусағымызға ұстап отыра баламызды қалай тәрбиелеп отырмыз қысқа-нұсқа айта бөлісейік. (Жіпті қарама- қарсы бір-біріне лақтырып отырады)

(Психолог өзінен бастайды) Менің атым Самал. Менің үш қызым бар, қыздарыма үнемі болашақта жар болатынын, бәрін үйреніп білгенің өзіңе жақсы деп, әрдайым көрсетіп, айтып отырамын.

(Ең соңында: Ата-аналар айтып болған соң, жіптен өрмекшінің торы шығады.)

Құрметті ата-аналар қараңыздаршы бізде өрмекшінің торы шықты, қаншама тәрбие жөнінде өзімізге кішкентай болса да тәжірибе алмастық.

Осы тор тәрізді сіздердің балаларыңызға тілерім қанаттары талмасын, өмірлері ұзақ болсын, оқудан үміттері үзілмесін демекпін.

1. "Жүрек жылуы" ата-аналарға арналған тренинг

Мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы - отбасы.

Сондықтан ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу. ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру.

Міндеті: ата-аналарды өздерінің балаларының жан-дүниесін түсінуге шақыру.

Қолданылатын әдіс - тәсілдер: Ойын, түсіндіру, сұрақ - жауап, сауалнама.

2. Топтастыру. Ата-аналарды орындарына отырғызып, топқа бөліну.

Ата - аналарды үш топқа бөлу. Әркім өзі қалаған жерге барып отырады. Төмендегі тапсырма бойынша 3 топқа бөлек-бөлек қағазда жазылған сұрақ тапсырмаларын береміз.

1-топ. «Сіздер дәрігерсіздер» Қолыңызда жүрек біреу. Ол жүрекке мұқтаж 4 науқас жатыр.

1. Нәресте 6 айлық

2. Үйі жоқ бомж

3. 60 жастағы көп балалы ана

4. Дарынды бала. Қайсысына өмір сыйлар едіңіз?

2-топ. Ұлыңыз немесе қызыңыз мектептен қатты қуанып келді. Пән бойынша сайыстан жүлдеге иеленген екен. Сіздердің келесі әрекеттеріңіз қалай болмақ?

3-топ. Балаға өз жеке басыңыз арқылы қалай үлгі - өнеге көрсетесіз?

Әр топ ортаға шығып өз ойларын жауаптарын айтады.

3. Ата - аналарға сауалнама тест тарату.

«Сіз қандай ата-анасыз?» тесті

Бұл сұраққа жауапты кім білгісі келмейді? Осыған орай, балаңызбен қарым-қатынаста сіз төмендегі фразалардың қайсысын жиі қолданатыныңызды белгілеңіз:

1. Саған қанша рет қайталап айтамын? (2-ұпай)

2. Маған ақылыңды айта қойшы. (1-ұпай)

3. Мен сенсіз не істер едім? (1-ұпай)

4. Сонша кімге тартқансың? (2-ұпай)

5. Сенің достарың қандай тамаша! (1-ұпай)

6. Туу, ұқсағансың.... (2-ұпай)

7. Мен сендей кезімде... (2-ұпай)

8. Сен менің тірегім мен көмекшімсің ғой. (1-ұпай)
9. Сенің достарың өзі қандай адамдар? (2-ұпай)
10. Сен тегі не ойлап жүрсің? (2-ұпай)
11. Сен менің ақылшымсың. (1-ұпай)
12. Ұлым, қызым! Сен қалай ойлайсың? (1-ұпай)
13. Басқаның баласы бала сияқты да, ал сен... (2-ұпай)
14. Сен қандай ойлап тапқышсың?! (1-ұпай)

Енді жалпы ұпайды санап, қорытындылаңыз. Сіздің қандай ата-ана екендігіңізді, сізден артық ешкім білмейді. Бұл тек сізге ой салуға беріліп отыр.

Кілті:

7-8 ұпай: Сіз балаңыз екеуіңіз бір-біріңізді сөзсіз түсінуге ұмтыласыз. Ол сізді жақсы сыйлайды.

9-10 ұпай: Сіз қарым-қатынаста бір қалыпты емессіз. Ол сізді сыйлағанмен, сізге әрқашан сырын ашып айта бермейді.

11-14 ұпай: Сіздің балаңызбек қарым-қатынасыңызды өзгерту қажет. Сіз балаңызға аз сенім білдіресіз, қиын жағдайларда қолдамайсыз. Ол оның ашулануына, балаңызбен конфликтілік қатынасқа түсуге алып келеді. Ол тұлғаның өсуіне кедергі жасайды.

Ата – аналарға кеңес берілді

Баланың әр күнді бастауы, қарсы алуы сәтті болуы керек. Ол үшін таңертең баланы оятқанда жайлы баппен ояту керек, ол сіздің күлімдеп, мейіріммен өте жақсы көріп тұрғаныңызды сезінуі керек.

Егер сіз кеше ескерту жасасаңыз да, сабаққа жіберер алдында балаға: **«Байқа, бұзық болма, өзінді жақсы ұста, мен сен үшін ескерту алмайын»** деген сөздерден аулақ болыңыз.

- Балаға мектепке барар алдында сенімділік пен сәттілік керек.
 - Бала мектептен келгенде, бірден сұрақтар қойып қарсы алмау керек.
- Егер бала бірдеңе айтқысы келсе, қарсы болмай тыңдау керек.
- Егер бала ренжіп отырса, онда себебін өзі айтқанша асықпаңыз.
 - Балаңызға қатты дауыспен сөйлемеңіз, баланың жүйке клеткасында тежелу пайда болады.

Педагог психологтар: Л. Смайлова
Ұ. Кауменова
Б. Еспанов

